

**"Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Фармация комитеті"
республикалық мемлекеттік мекемесі және оның аумақтық бөлімшелері туралы
ережелерін бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2026 жылғы 21 тамыздағы № 418 бұйрығы

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Осы бұйрықтың қолданысқа енгізілу тәртібін 5-т. қараңыз

"Құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 35-бабы 1-тармағының 6) тармақшасына және 46-бабы 2-тармағының 4) тармақшасына, "Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің ведомстволарын қайта ұйымдастыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2026 жылғы 3 тамыздағы № 695 қаулысына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған:

1) осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес "Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Фармация комитеті" республикалық мемлекеттік мекемесінің ережесі;

2) осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес "Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Фармация комитетінің Абай облысы бойынша департаменті" республикалық мемлекеттік мекемесінің ережесі;

3) осы бұйрыққа 3-қосымшаға сәйкес "Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Фармация комитетінің Ақмола облысы бойынша департаменті" республикалық мемлекеттік мекемесінің ережесі;

4) осы бұйрыққа 4-қосымшаға сәйкес "Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Фармация комитетінің Ақтөбе облысы бойынша департаменті" республикалық мемлекеттік мекемесінің ережесі;

5) осы бұйрыққа 5-қосымшаға сәйкес "Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Фармация комитетінің Алматы қаласы бойынша департаменті" республикалық мемлекеттік мекемесінің ережесі;

6) осы бұйрыққа 6-қосымшаға сәйкес "Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Фармация комитетінің Алматы облысы бойынша департаменті" республикалық мемлекеттік мекемесінің ережесі;

7) осы бұйрыққа 7-қосымшаға сәйкес "Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Фармация комитетінің Астана қаласы бойынша департаменті" республикалық мемлекеттік мекемесінің ережесі;

8) осы бұйрыққа 8-қосымшаға сәйкес "Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Фармация комитетінің Атырау облысы бойынша департаменті" республикалық мемлекеттік мекемесінің ережесі;

9) осы бұйрыққа 9-қосымшаға сәйкес "Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Фармация комитетінің Батыс Қазақстан облысы бойынша департаменті" республикалық мемлекеттік мекемесінің ережесі;

10) осы бұйрыққа 10-қосымшаға сәйкес "Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Фармация комитетінің Жамбыл облысы бойынша департаменті" республикалық мемлекеттік мекемесінің ережесі;

11) осы бұйрыққа 11-қосымшаға сәйкес "Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Фармация комитетінің Жетісу облысы бойынша департаменті" республикалық мемлекеттік мекемесінің ережесі;

12) осы бұйрыққа 12-қосымшаға сәйкес "Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Фармация комитетінің Қарағанды облысы бойынша департаменті" республикалық мемлекеттік мекемесінің ережесі;

13) осы бұйрыққа 13-қосымшаға сәйкес "Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Фармация комитетінің Қостанай облысы бойынша департаменті" республикалық мемлекеттік мекемесінің ережесі;

14) осы бұйрыққа 14-қосымшаға сәйкес "Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Фармация комитетінің Қызылорда облысы бойынша департаменті" республикалық мемлекеттік мекемесінің ережесі;

15) осы бұйрыққа 15-қосымшаға сәйкес "Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Фармация комитетінің Маңғыстау облысы бойынша департаменті" республикалық мемлекеттік мекемесінің ережесі;

16) осы бұйрыққа 16-қосымшаға сәйкес "Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Фармация комитетінің Павлодар облысы бойынша департаменті" республикалық мемлекеттік мекемесінің ережесі;

17) осы бұйрыққа 17-қосымшаға сәйкес "Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Фармация комитетінің Солтүстік Қазақстан облысы бойынша департаменті" республикалық мемлекеттік мекемесінің ережесі;

18) осы бұйрыққа 18-қосымшаға сәйкес "Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Фармация комитетінің Түркістан облысы бойынша департаменті" республикалық мемлекеттік мекемесінің ережесі;

19) осы бұйрыққа 19-қосымшаға сәйкес "Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Фармация комитетінің Ұлытау облысы бойынша департаменті" республикалық мемлекеттік мекемесінің ережесі;

20) осы бұйрыққа 20-қосымшаға сәйкес "Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Фармация комитетінің Шығыс Қазақстан облысы бойынша департаменті" республикалық мемлекеттік мекемесінің ережесі;

21) осы бұйрыққа 21-қосымшаға сәйкес "Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Фармация комитетінің Шымкент қаласы бойынша департаменті" республикалық мемлекеттік мекемесінің ережесі бекітілсін.

2. Осы бұйрыққа 22-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің кейбір бұйрықтарының күші жойылды деп танылсын.

3. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Фармация комитеті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрыққа қол қойған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі көшірмелерін ресми жариялау және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау вице-министріне жүктелсін.

5. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі және Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен ресми жариялануға тиіс.

*Қазақстан Республикасының
Денсаулық сақтау министрі*

А. Әлназарова

Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау министрінің
2026 жылғы 21 тамыздағы
№ 418 бұйрығына
1-қосымша

"Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Фармация комитеті" республикалық мемлекеттік мекемесі туралы ереже

1-тарау. Жалпы ережелер

1. "Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Фармация комитеті" республикалық мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – Комитет) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің (бұдан әрі – Министрлік) дәрілік заттар мен медициналық бұйымдардың айналысы, дәрілік заттармен және медициналық бұйымдармен қамтамасыз ету саласындағы мемлекеттік саясатты, құзыреті шегінде реттеу, іске асыру, бақылау және қадағалау функцияларын жүзеге асыру саласында басшылықты және оны іске асыруды жүзеге асыратын ведомствосы болып табылады.

2. Комитет өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына және заңдарына, Қазақстан Республикасы Президентінің, Қазақстан Республикасы

Үкіметінің актілеріне, өзге де Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілеріне, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

3. Комитет мемлекеттік мекеменің ұйымдық-құқықтық нысандағы заңды тұлға болып табылады, қазақ тілінде өзінің атауы бар мөрі мен мөртаңбалары, белгіленген үлгідегі бланкілері, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарда шоттары бар.

4. Комитет азаматтық-құқықтық қатынастарға өз атынан түседі.

5. Комитетке егер заңнамаға сәйкес осыған уәкілеттілік берілген болса, мемлекет атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқылы.

6. Комитет өз құзыретінің мәселелері бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен Комитет басшысының бұйрықтарымен және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да актілермен ресімделетін шешімдер қабылдайды.

7. Комитеттің құрылымы мен штат санының лимиті Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бекітіледі.

8. Заңды тұлғаның орналасқан жері: 010000, Қазақстан Республикасы, Астана қаласы, Есіл ауданы, Мәңгілік Ел даңғылы, 10-үй, "Kazyna Towers" бизнес орталығы.

9. Осы Ереже Комитеттің құрылтай құжаты болып табылады.

10. Комитеттің қызметін қаржыландыру республикалық бюджеттен жүзеге асырылады.

11. Комитетке кәсіпкерлік субъектілерімен Комитеттің өкілеттілігі болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысынан шарттық қатынастар жасауға тыйым салынады.

Егер Комитетке заңнамалық актілермен кіріс әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда мұндай қызметтен алынған кіріс мемлекеттік бюджеттің кірісіне жіберіледі.

2-тарау. Комитеттің міндеттері, функциялары мен өкілеттіктері

12. Міндеттері:

1) дәрілік заттар мен медициналық бұйымдардың айналысы, сондай-ақ денсаулық сақтау саласындағы есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорлардың айналымы салаларында реттеуші, іске асыру, бақылау мен қадағалау функцияларын жүзеге асыру, дәрілік заттар мен медициналық бұйымдар айналысы саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру, құзыреті шегінде Министрліктің стратегиялық функцияларын орындауға қатысу;

2) құзыреті шегінде мемлекеттік қызметтерді көрсету сапасын және қолжетімділігін қамтамасыз ету;

3) өз құзыретінің шегінде Комитетке жүктелген өзге де міндеттерді жүзеге асыру.

13. Өкілеттіктері, құқықтары мен міндеттері:

1) заңнамада белгіленген тәртіппен мемлекеттік органдардан, лауазымды тұлғалардан, жеке және заңды тұлғалардан дәрілік заттар мен медициналық бұйымдар айналысы, сондай-ақ денсаулық сақтау саласындағы есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорлардың айналымы, дәрілік заттармен және медициналық бұйымдармен қамтамасыз ету саласындағы мәселелер бойынша ақпаратты сұратады және алады;

2) жеке және заңды тұлғалар Комитеттің және оның аумақтық бөлімшелерінің лауазымды тұлғалары берген заңды талаптарды немесе нұсқамаларды, қаулыларды орындамаған немесе тиісінше орындамаған кезде сотқа жүгінеді;

3) аумақтық бөлімшелер мен ведомстволық бағынысты ұйымдарға дәрілік заттар мен медициналық бұйымдардың айналысы, сондай-ақ денсаулық сақтау саласындағы есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорлардың айналымы, дәрілік заттармен және медициналық бұйымдармен қамтамасыз ету мәселелері бойынша әдіснамалық және консультациялық көмек көрсетеді;

4) Комитет және оның аумақтық бөлімшелері үшін бюджеттік жоспарлауды, талдауды және мемлекеттік сатып алуды орталықтандырылған жүргізу;

5) Комитеттің алдағы қаржы кезеңіне арналған бюджеттік өтінімді қалыптастыру, сондай-ақ өзгерістер мен толықтырулар енгізу (бюджетті нақтылау, түзету);

6) мемлекеттік сатып алу жоспарын іске асыру;

7) дәрілік заттар мен медициналық бұйымдардың айналысы, сондай-ақ денсаулық сақтау саласындағы есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорлардың айналымы, дәрілік заттар және медициналық бұйымдармен қамтамасыз ету мәселелері бойынша ақпараттық-түсіндіру жұмысын жүзеге асыру;

8) өз құзыреті шегінде консультациялық-кеңесші және сараптамалық комиссиялар (жұмыс топтарын) құру;

9) Комитеттің аумақтық бөлімшелерінің және ведомстволық бағынысты ұйымдарының қызметін үйлестіруді және бақылауды жүзеге асыру;

10) Комитетке ведомстволық бағынысты ұйым үшін қызметтің басым бағыттарын айқындау;

11) орталықтандырылған бухгалтерлік есепті жүргізу және қаржылық есептілікті қалыптастыру;

12) Қазақстан Республикасының Бюджет кодексімен регламенттелген заңнаманы сақтау;

13) мемлекеттік органдар қабылдаған дәрілік заттар мен медициналық бұйымдар айналысы мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзатын актілердің күшін жою, өзгерту, сондай-ақ оларды Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес келтіру туралы ұсыныстар енгізу;

14) төмен тұрған лауазымды адамдардың әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) жеке және (немесе) заңды тұлғалардың жолданымы (шағымы) бойынша шешім шығарылғанға

дейін олар қабылдаған актілердің орындалуын тоқтата тұру, күшін жою не оларды кері қайтарып алу;

15) Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жағдайларды қоспағанда, өз өкілеттіктерін жүзеге асыру кезінде алынған коммерциялық, қызметтік, заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын ақпаратты жария етпеу;

16) дәрілік заттар мен медициналық бұйымдардың айналысы, дәрілік заттар мен медициналық бұйымдардың айналысы салаларындағы бақылау мен қадағалау функциялары мәселелері бойынша Қазақстан Республикасы заңнамасының қолданылуына талдау жүргізу;

17) Қазақстан Республикасының заңнамасын, жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңмен қорғалатын мүдделерін сақтау;

18) Қазақстан Республикасы Президентінің, Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің тапсырмаларын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Үкіметінің тиісті жылдарға арналған заң жобалау жұмыстары жоспарларын уақтылы және сапалы орындауды қамтамасыз ету;

19) Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінде белгіленген тәртіппен және мерзімдерде жеке және заңды тұлғалардың жолданымдарын, ұсыныстарын, үн қосуларды, сұратуларды, хабарламаларды қабылдау және қарау;

20) Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінде және "Мемлекеттік және әлеуметтік жауапкершілігі бар көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген тәртіппен және мерзімдерде мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша жеке және заңды тұлғалардың шағымдарын қабылдау және қарау;

21) мемлекеттік сатып алу рәсімдерінің сақталуын қамтамсыз ету;

22) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген өзге де құқықтар мен міндеттерді жүзеге асыру.

14. Функциялары:

1) дәрілік заттар мен медициналық бұйымдар айналысын бақылау мен қадағалау саласында мемлекеттік саясатты іске асырады, дәрілік заттармен және медициналық бұйымдармен қамтамасыз ету саласында саясатты қалыптастыруға қатысады;

2) дәрілік заттар мен медициналық бұйымдар айналысын бақылау мен қадағалау саласында құқықтық актілерді және есепке алу және есептік құжаттаманың нысандарын өз құзыреті шегінде әзірлейді;

3) дәрілік заттардың, медициналық бұйымдардың айналысы саласында, сондай-ақ денсаулық сақтау саласындағы есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорлардың айналымына мемлекеттік бақылау мен қадағалауды жүзеге асырады;

4) дәрілік заттар мен медициналық бұйымдардың жарнамасына мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады;

- 5) заңнамаға сәйкес жедел ден қою шараларын қабылдайды;
- 6) Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне сәйкес әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істерді қарайды;
- 7) мемлекеттік қызметтер көрсету тәртібін айқындайтын заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілерге сәйкес құзыреті шегінде мемлекеттік қызметтер көрсетеді;
- 8) мемлекеттік қызметтер көрсету тәртібін айқындайтын заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілерді әзірлейді;
- 9) өз құзыреті шегінде рұқсат беруді бақылауды жүзеге асырады;
- 10) "Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының Кодексі 230-бабының 1), 2), 3), 4), 5) және 7) тармақшаларында (бұдан әрі – Кодекс) көрсетілген фармацевтикалық қызмет түрлерін, сондай-ақ денсаулық сақтау саласындағы есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорлардың айналымымен байланысты қызмет түрлерін лицензиялауды жүзеге асырады;
- 11) "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген тәртіппен Кодекстің 24-бабының 1-тармағының 4) және 5) тармақшаларында көрсетілген қызметті жүзеге асыруды бастау немесе тоқтату туралы хабарламаларды қабылдау мәселелерін үйлестіреді;
- 12) дәрілік заттар мен медициналық бұйымдар айналысы саласында бақылау мен қадағалау мәселелері бойынша денсаулық сақтау ұйымдарының қызметін үйлестіреді;
- 13) дәрілік заттардың және медициналық бұйымдардың айналысы саласында мемлекеттік бақылау және қадағалау мәселелері бойынша қоғамдық бірлестіктермен өзара іс-қимыл жасайды;
- 14) дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды мемлекеттік тіркеуді, қайта тіркеуді және олардың тіркеу дерекнамасына өзгерістер енгізуді, мемлекеттік тіркеу туралы шешімді кері қайтарып алуды жүзеге асырады, дәрілік заттар мен медициналық бұйымдардың мемлекеттік тізілімін жүргізеді;
- 15) Қазақстан Республикасында тіркелген және тіркелмеген дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды әкелуге (әкетуге) қорытынды (рұқсат беру құжатын) беруді жүзеге асырады;
- 16) тиісті фармацевтикалық практика стандарттарын әзірлейді;
- 17) рұқсаттар мен хабарламалардың мемлекеттік электрондық тізілімін жүргізеді;
- 18) фармацевтикалық өнімге сертификат (СРР) береді;
- 19) дәрілік затқа, медициналық бұйымға интервенциялық клиникалық зерттеу жүргізуге рұқсат береді;
- 20) дәрілік заттың, медициналық бұйымның тіркеу куәлігінің қолданылуын тоқтата тұру жолымен дәрілік заттың, медициналық бұйымның медициналық қолданылуын тоқтата тұру, сондай-ақ медициналық қолдануға тыйым салу туралы және дәрілік заттар мен медициналық бұйымдардың сериясын (партиясын) айналымнан алу немесе медициналық қолдануды тоқтата тұру туралы шешімдер қабылдайды;

21) дәрілік заттар мен медициналық бұйымдардың қауіпсіздігі мен сапасын сараптау және бағалау жөніндегі монополиялық қызметті жүзеге асыратын сынақ зертханаларын аккредиттеуді жүргізеді;

22) дәрілік заттар мен медициналық бұйымдардың қауіпсіздігі мен сапасын сараптау және бағалау жөніндегі монополиялық қызметті жүзеге асыратын сынақ зертханаларын аккредиттеуді жүргізу қағидаларын әзірлейді;

23) дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды көтерме және бөлшек саудада өткізу қағидаларын әзірлейді;

24) Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне сәйкес тексеру парақтарының нысандарын, дәрілік заттар мен медициналық бұйымдар айналысы саласындағы тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттарын, бақылау мен қадағалау субъектісіне бару арқылы профилактикалық бақылау жүргізудің жартыжылдық тізімдерін, реттелетін салада тексеру жүргізудің жылдық графигін әзірлейді;

25) фармацевтикалық инспекцияларды жүзеге асырады;

26) фармацевтикалық инспекторатты қалыптастыру, Қазақстан Республикасы фармацевтикалық инспекторларының тізілімін жүргізу қағидаларын әзірлейді;

27) нарықтан, оның ішінде медициналық ұйымдарда тәуекелге бағдарланған тәсіл ескеріле отырып, сапасы бақылауға жататын дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды іріктеу қағидаларын әзірлейді;

28) нарықтан, оның ішінде медициналық ұйымдарда тәуекелге бағдарланған тәсіл ескеріле отырып, сапасы бақылауға жататын дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды іріктеуді жүзеге асырады;

29) дәрілік заттар мен медициналық бұйымдардың айналысы саласында тергеп-тексеру жүргізу қағидаларын әзірлейді;

30) заңнамаға сәйкес дәрілік заттар мен медициналық бұйымдар айналысы саласында тергеп-тексеру жүргізеді;

31) тиісті фармацевтикалық практикалар бойынша фармацевтикалық инспекциялар жүргізу қағидаларын әзірлейді;

32) Қазақстан Республикасында мемлекеттік тіркеуден өтпеген дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды гуманитарлық көмек ретінде Қазақстан Республикасының аумағына әкелу жағдайларын айқындайтын құқықтық актіні әзірлейді;

33) дәрілік заттар мен медициналық бұйымдардың сапасына бағалау жүргізу қағидаларын әзірлейді;

34) медициналық бұйымдарды көтерме және бөлшек саудада өткізуді хабарлама тәртібімен жүзеге асыратын денсаулық сақтау субъектілерінің тізілімін қалыптастыру қағидаларын әзірлейді;

35) дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды мемлекеттік тіркеу және олардың қауіпсіздігі мен сапасын бағалау кезінде сараптаманы жүзеге асыру үшін тауарлар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алу қағидаларын әзірлейді;

36) бөлшек және көтерме саудада өткізу үшін дәрілік заттың саудалық атауына шекті бағаларды айқындайтын құқықтық актіні әзірлейді;

37) дәрілік заттарды немесе медициналық бұйымдарды сараптау, мемлекеттік тіркеу, қайта тіркеу, дәрілік заттың немесе медициналық бұйымның тіркеу дерекқорына өзгерістер енгізу және өндірушінің бағасын тіркеу, оған өзгерістер енгізу, сондай-ақ Қазақстандық ұлттық дәрілік формулярды қалыптастыру қағидаларын әзірлейді;

38) дәрілік затты немесе медициналық бұйымды мемлекеттік тіркеу, қайта тіркеу және олардың тіркеу дерекнамасына өзгерістер енгізу кезінде өтініш беруші ұсынған құжаттарды есепке алу және жүйелеу қағидаларын әзірлейді;

39) дәрілік затқа немесе медициналық бұйымға сараптама жүргізудің жеделдетілген рәсімі қағидаларын әзірлейді;

40) фармацевтикалық өнімге сертификат (СРР) беру қағидаларын әзірлейді;

41) дәрілік заттар мен медициналық бұйымдардың жарнамасын жүзеге асыру қағидаларын әзірлейді;

42) дәрілік затты өндірушінің дәрілік заттардың тұрақтылығын зерттеуді жүргізу, оларды сақтау мерзімін белгілеу және қайта бақылау қағидаларын әзірлейді;

43) дәрілік препараттар мен медициналық бұйымдарды дайындауға лицензиясы бар дәрілік заттар мен медициналық бұйымдардың айналысы саласындағы субъектілердің дәрілік препараттар мен медициналық бұйымдарды дайындау қағидаларын әзірлейді;

44) дайындалған дәрілік препараттарды дәріханаішілік бақылау қағидаларын әзірлейді;

45) дәрілік препараттардың құрамына кіретін әсер етуші заттарды ескере отырып, оларды рецептсіз және рецептімен босатылатын дәрілік препараттардың санаттарына жатқызу қағидаларын, рецептілерді жазып беру, есепке алу және сақтау қағидаларын әзірлейді;

46) медициналық бұйымдарға техникалық сынақтар жүргізу қағидаларын әзірлейді;

47) дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарға сараптама жүргізу процесінде өтініш берушіге ескертулер беру мерзімдерін белгілеу қағидаларын әзірлейді;

48) фармацевтикалық инспекция шеңберінде клиникаға дейінгі (клиникалық емес) зерттеулердің материалдарын және оларды жүргізу шарттарының Қазақстан Республикасының және (немесе) Еуразиялық экономикалық одақтың тиісті зертханалық практиканың (GLP) талаптарына сәйкестігін бағалауды жүзеге асыру қағидаларын әзірлейді;

49) Қазақстан Республикасының Мемлекеттік фармакопеясын әзірлеу, ресімдеу, келісу, бекіту және оған өзгерістер мен толықтырулар енгізу қағидаларын әзірлейді;

50) дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды таңбалау мен қадағалау қағидаларын әзірлейді;

51) дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды медициналық қолдану жөніндегі нұсқаулықты және дәрілік заттың жалпы сипаттамасын жасау және ресімдеу қағидаларын әзірлейді;

52) өлшеу құралы болып табылатын медициналық техниканың тізбесін әзірлейді;

53) медициналық бұйымдарға инспекция жүргізу қағидаларын әзірлейді;

54) дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды сақтау және тасымалдау қағидаларын әзірлейді;

55) жарамсыз болып қалған, жарамдылық мерзімі өткен дәрілік заттар мен медициналық бұйымдар, жалған және Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес келмейтін басқа да дәрілік заттар мен медициналық бұйымдар бар дәрілік заттар мен медициналық бұйымдардың айналысы саласындағы субъектілердің жою қағидаларын әзірлейді;

56) дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды Қазақстан Республикасының аумағына әкелу қағидаларын әзірлейді;

57) дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды Қазақстан Республикасының аумағынан әкету қағидаларын әзірлейді;

58) қолданудың ықтимал тәуекелі дәрежесіне қарай медициналық бұйымдарды жіктеу қағидаларын әзірлейді;

59) Қазақстан Республикасының медициналық бұйымдар номенклатурасын қалыптастыру және жүргізу қағидаларын әзірлейді;

60) дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды қолдануды тоқтата тұру, тыйым салу немесе айналыстан алып тастау не шектеу қағидаларын әзірлейді;

61) фармакологиялық қадағалау және медициналық бұйымдардың қауіпсіздігіне, сапасы мен тиімділігіне мониторинг жүргізу қағидаларын әзірлейді;

62) көтерме және бөлшек саудада өткізу үшін бағалық реттеуге жататын дәрілік заттардың тізбесін әзірлейді;

63) адамның өмірі мен денсаулығына күшті әсер ететін заттардың, сондай-ақ зиянды әсер ететін медициналық газдардың тізбесін әзірлейді;

64) дәрілік заттар мен медициналық бұйымдар айналысы саласындағы мәселелер бойынша жолданымдарын, ұсыныстарын, үн қосуларды, сұратуларын, хабарламаларын қарайды;

65) дәрілік заттар мен медициналық бұйымдар айналысы саласындағы нұсқаулықтарды, алгоритмдер мен регламенттерді әзірлейді және бекітеді;

66) тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі (бұдан әрі - ТМККК) шеңберінде және міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде (бұдан әрі – МӘМС) халықты және денсаулық сақтау ұйымдарын қауіпсіз, тиімді және сапалы дәрілік заттармен қамтамасыз етуді ұйымдастыру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асырады;

67) ТМККК шеңберінде және (немесе) МӘМС жүйесінде дәрілік заттардың, сондай-ақ медициналық бұйымдардың шекті бағаларын және үстеме бағаларын реттеу, қалыптастыру қағидаларын әзірлейді;

68) белгілі бір аурулары (жай-күйлері) бар Қазақстан Республикасы азаматтарының жекелеген санаттарын тегін және (немесе) жеңілдікті амбулаториялық қамтамасыз етуге арналған дәрілік заттар мен медициналық бұйымдардың тізбесін, сондай-ақ Бірыңғай дистрибьютордан сатып алынатын дәрілік заттар мен медициналық бұйымдардың тізбесін әзірлейді;

69) белгілі бір аурулары (жай-күйлері) бар Қазақстан Республикасы азаматтарының жекелеген санаттарын тегін және (немесе) жеңілдікті амбулаториялық қамтамасыз етуге арналған дәрілік заттар мен медициналық бұйымдардың тізбесін және Бірыңғай дистрибьютордан сатып алынатын дәрілік заттар мен медициналық бұйымдардың тізбесін қалыптастыру қағидаларын әзірлейді;

70) ТМККК, қылмыстық-атқару (пенитенциарлық) жүйесінің тергеу изоляторлары мен мекемелерінде ұсталатын адамдарға бюджет қаражаты есебінен медициналық көмектің қосымша көлемі шеңберінде және (немесе) МӘМС жүйесінде Бірыңғай дистрибьютордың дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды сақтау және тасымалдау жөніндегі көрсетілетін қызметтерді, дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды есепке алу және өткізу жөніндегі көрсетілетін қызметтерді сатып алу қағидаларын әзірлейді;

71) ТМККК шеңберінде, қылмыстық-атқару (пенитенциарлық) жүйесінің тергеу изоляторлары мен мекемелерінде ұсталатын адамдар үшін медициналық көмектің қосымша көлемін бюджет қаражаты есебінен және (немесе) МӘМС жүйесінде дәрілік заттарды, медициналық бұйымдарды және арнайы емдік өнімдерді сатып алуды, фармацевтикалық көрсетілетін қызметтерді сатып алуды ұйымдастыру және өткізу қағидаларын әзірлейді;

72) құзыреті шеңберінде Министрліктің Форумарлық комиссияның қызметін үйлестіреді;

73) Министрліктің Форумарлық комиссияның құрамы мен ережесін әзірлейді;

74) Қазақстандық ұлттық дәрілік форумарды әзірлеу және бекіту қағидаларын, сондай-ақ денсаулық сақтау ұйымдарының дәрілік форумарларын әзірлеу және келісу тәртібі мен тізбесін әзірлеу;

75) ТМККК және МӘМС шеңберінде дәрілік заттармен және медициналық бұйымдармен қамтамасыз ету бөлігінде Бірыңғай дистрибьютордың қызметін үйлестіреді;

76) ТМККК және МӘМС жүйесі шеңберінде дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды, оның ішінде есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорлардың айналымы, акцизсіз этил спирті айналымы саласында пайдалану мониторингін жүзеге асырады;

77) "Азаматтардың жекелеген санаттарына дәрілік заттарды, арнайы емдік өнімдерді, медициналық бұйымдарды беру" мемлекеттік қызмет көрсетуді үйлестіруді жүзеге асырады;

78) сервистік қызмет көрсетуді талап ететін медициналық бұйымдар айналысы саласындағы мемлекеттік саясатты іске асырады;

79) жетекшілік ететін мәселелер бойынша семинарлар, конференциялар, алқа отырыстарын ұйымдастырады және өткізуге қатысады;

80) Қазақстан Республикасының азаматтық қорғау саласындағы заңнамасына сәйкес төтенше жағдайлардың алдын алу жөніндегі талаптарын орындайды;

81) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

3-тарау. Комитет басшысының мәртебесі және өкілеттіктері

15. Комитетке басшылықты Комитетке жүктелген міндеттердің орындалуына және оларға өзінің өкілеттіктерін жүзеге асыруға дербес жауапты басшы жүзеге асырады.

16. Комитеттің басшысы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қызметке тағайындалады және қызметтен босатылады.

17. Комитет басшысының Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қызметке тағайындалатын және қызметтен босатылатын орынбасарлары болады.

18. Комитет басшысының өкілеттігі:

1) заңнамаға сәйкес:

Комитет басшысының орынбасарларын, Комитет жұмыскерлерін, Комитеттің астананың, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың аумақтық бөлімшелерінің басшыларын;

Министрмен және Комитетке ведомстволық бағынысты ұйымның Байқау кеңесімен келісу бойынша Комитетке ведомстволық бағынысты ұйымның бірінші басшысын;

Комитетке ведомстволық бағынысты ұйымның бірінші басшысының ұсынысы бойынша Комитетке ведомстволық бағынысты ұйымның бірінші басшысының орынбасарларын лауазымға тағайындайды және лауазымнан босатады;

2) заңнамаға сәйкес іссапарға жіберу, еңбек демалыстарын беру, материалдық көмек көрсету, даярлау (қайта даярлау), біліктілігін арттыру, көтермелеу, үстемақы төлеу және сыйлықақы беру, сондай-ақ Комитет басшысының орынбасарларын, Комитет жұмыскерлерін, Комитеттің аумақтық бөлімшелері басшыларын тәртіптік жауапкершілікке тарту мәселелерін шешеді;

3) Комитет басшысының орынбасарларының, Комитет жұмыскерлерінің, Комитеттің аумақтық бөлімшелері басшыларының лауазымдық міндеттерін бекітеді;

4) Комитеттің құрылымдық бөлімшелерінің ережелерін бекітеді;

5) Комитеттің жұмыс регламентін бекітеді;

- 6) Комитеттің аумақтық бөлімшелері және ведомстволық бағынысты ұйымдарының қызметін үйлестіруді және бақылауды жүзеге асырады;
- 7) өз құзыреті шегінде Комитеттің бұйрықтарына қол қояды;
- 8) заңнамаға сәйкес барлық мемлекеттік органдарда және өзге де ұйымдарда Комитеттің мүддесін білдіреді;
- 9) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға бағытталған шараларды қабылдайды;
- 10) Комитеттің атынан Комитеттің құзыретіне кіретін мәселелер бойынша басқа мемлекеттік органдарға жіберілетін құжаттарға қол қояды;
- 11) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Комитеттің басшысы болмаған кезеңде оның өкілеттіктерін орындауды қолданыстағы заңнамаға сәйкес оны алмастыратын адам орындайды.

4-тарау. Комитеттің мүлкі

19. Комитеттің заңнамада көзделген жағдайларда жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болуы мүмкін. Комитеттің мүлкі оған меншік иесі берген, мүлік, сондай-ақ өз қызметі нәтижесінде сатып алынған мүлік (ақшалай кірістерді қоса алғанда) және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптастырылады.

20. Комитетке бекітілген мүлік республикалық меншікке жатады.

21. Егер заңнамада өзгеше белгіленбесе, Комитеттің өзіне бекітіліп берілген мүлікті және қаржыландыру жоспары бойынша өзіне бөлінген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті өз бетімен иеліктен шығаруға немесе оған өзгедей тәсілмен билік етуге құқылы емес.

5-тарау. Комитетті қайта ұйымдастыру және тарату

22. Комитетті қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Фармация комитетінің аумақтық бөлімшелері – республикалық мемлекеттік мекемелердің және мемлекеттік кәсіпорынның тізбесі.

1. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Фармация комитетінің Абай облысы бойынша департаменті.

2. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Фармация комитетінің Ақмола облысы бойынша департаменті.

3. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Фармация комитетінің Ақтөбе облысы бойынша департаменті.

4. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Фармация комитетінің Алматы қаласы бойынша департаменті.
5. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Фармация комитетінің Алматы облысы бойынша департаменті.
6. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Фармация комитетінің Астана қаласы бойынша департаменті.
7. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Фармация комитетінің Атырау облысы бойынша департаменті.
8. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Фармация комитетінің Батыс Қазақстан облысы бойынша департаменті.
9. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Фармация комитетінің Жамбыл облысы бойынша департаменті.
10. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Фармация комитетінің Жетісу облысы бойынша департаменті.
11. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Фармация комитетінің Қарағанды облысы бойынша департаменті.
12. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Фармация комитетінің Қостанай облысы бойынша департаменті.
13. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Фармация комитетінің Қызылорда облысы бойынша департаменті.
14. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Фармация комитетінің Маңғыстау облысы бойынша департаменті.
15. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Фармация комитетінің Павлодар облысы бойынша департаменті.
16. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Фармация комитетінің Солтүстік Қазақстан облысы бойынша департаменті.
17. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Фармация комитетінің Түркістан облысы бойынша департаменті.
18. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Фармация комитетінің Ұлытау облысы бойынша департаменті.
19. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Фармация комитетінің Шығыс Қазақстан облысы бойынша департаменті.
20. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Фармация комитетінің Шымкент қаласы бойынша департаменті.
21. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Фармация комитетінің "Дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды сараптау ұлттық орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны".

"Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Фармация комитетінің Абай облысы бойынша департаменті" республикалық мемлекеттік мекемесі туралы ереже

1-тарау. Жалпы ережелер

1. "Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Фармация комитетінің Абай облысы бойынша департаменті" республикалық мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – Департамент) дәрілік заттар мен медициналық бұйымдардың айналысы, дәрілік заттармен және медициналық бұйымдармен қамтамасыз ету саласындағы мемлекеттік саясатты, құзыреті шегінде реттеу, іске асыру, бақылау және қадағалау функцияларын жүзеге асыру саласында басшылықты және оны іске асыруды жүзеге асыратын Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Фармация комитетінің (бұдан әрі – Комитет) аумақтық бөлімшесі болып табылады.

2. Департамент өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына және заңдарына, Қазақстан Республикасының Президентінің, Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілеріне, өзге де Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілеріне, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

3. Департамент мемлекеттік мекеменің ұйымдық-құқықтық нысандағы заңды тұлға болып табылады, қазақ тілінде өзінің атауы бар мөрі мен мөртаңбалары, белгіленген үлгідегі бланкілері бар.

4. Департамент азаматтық-құқықтық қатынастарға өз атынан түседі.

5. Департамент егер заңнамаға сәйкес осыған уәкілеттілік берілген болса, мемлекет атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқылы.

6. Департамент өз құзыретінің мәселелері бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен Департамент басшысының бұйрықтарымен және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да актілермен ресімделетін шешімдер қабылдайды.

7. Департаменттің құрылымы мен штат санының лимиті Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бекітіледі.

8. Заңды тұлғаның орналасқан жері – 071400, Қазақстан Республикасы, Абай облысы, Семей қаласы, Академик Павлов көшесі, 60.

9. Осы Ереже Департаменттің құрылтай құжаты болып табылады.

10. Департаменттің қызметін қаржыландыру республикалық бюджеттен жүзеге асырылады.

11. Департаментке кәсіпкерлік субъектілерімен Департаменттің өкілеттілігі болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысынан шарттық қатынастар жасауға тыйым салынады.

Егер Департаментке заңнамалық актілермен кіріс әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда мұндай қызметтен алынған кіріс мемлекеттік бюджеттің кірісіне жіберіледі.

2-тарау. Департаменттің міндеттері, функциялары мен өкілеттіктері

12. Міндеттері:

1) дәрілік заттар мен медициналық бұйымдардың айналысы, сондай-ақ денсаулық сақтау саласындағы есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорлардың айналымы салаларында реттеуші, іске асыру, бақылау мен қадағалау функцияларын жүзеге асыру, дәрілік заттар мен медициналық бұйымдар айналысы саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру;

2) құзыреті шегінде мемлекеттік қызметтерді көрсету сапасын және қолжетімділігін қамтамасыз ету;

3) өз құзыретінің шегінде Департаментке жүктелген өзге де міндеттерді жүзеге асыру.

13. Өкілеттіктері құқықтары мен міндеттері:

1) заңнамада белгіленген тәртіппен мемлекеттік органдардан, лауазымды тұлғалардан, жеке және заңды тұлғалардан дәрілік заттар мен медициналық бұйымдардың айналысы, сондай-ақ денсаулық сақтау саласындағы есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорлардың айналымы, дәрілік заттармен және медициналық бұйымдармен қамтамсыз ету саласындағы мәселелер бойынша ақпаратты сұратады және алады;

2) жеке және заңды тұлғалар Департаменттің лауазымды тұлғалары берген заңды талаптарды немесе нұсқамаларды, қаулыларды орындамаған немесе тиісінше орындамаған кезде сотқа жүгінеді;

3) өз құзыреті шегінде жеке және заңды тұлғаларға әдіснамалық және консультациялық көмек көрсетеді;

4) дәрілік заттар мен медициналық бұйымдардың айналысы, сондай-ақ денсаулық сақтау саласындағы есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорлардың айналымы, дәрілік заттар және медициналық бұйымдармен қамтамасыз ету мәселелері бойынша ақпараттық-түсіндіру жұмысын жүзеге асыру;

5) өз құзыреті шегінде консультациялық-кеңесші және сараптамалық комиссиялар (жұмыс топтарын) құру;

6) Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жағдайларды қоспағанда, өз өкілеттіктерін жүзеге асыру кезінде алынған коммерциялық, қызметтік, заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын ақпаратты жария етпеу;

7) дәрілік заттар мен медициналық бұйымдардың айналысы, медициналық қызметтер (көмек) көрсету және дәрілік заттар мен медициналық бұйымдардың

айналысы салаларындағы бақылау және қадағалау функциялары мәселелері бойынша Қазақстан Республикасы заңнамасының қолданылуына талдау жүргізу;

8) тексерулер мен сараптамалар жүргізуге басқа ұйымдардан мамандарды заңнамада белгіленген тәртіппен тарту;

9) Қазақстан Республикасының заңнамасын, жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңмен қорғалатын мүдделерін сақтау;

10) әзірлемеге дәрілік заттар мен медициналық бұйымдар айналысы, дәрілік заттар және медициналық бұйымдармен қамтамсыз ету салаларындағы мәселелер бойынша, сондай-ақ мемлекеттік жоспарлау жүйесінің құжаттарын әзірлеу бойынша ұсыныстар енгізуге қатысу;

11) Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінде белгіленген тәртіппен және мерзімдерде жеке және заңды тұлғалардың жолданымдарын, ұсыныстарын, үн қосуларды, сұратуларды, хабарламаларды қабылдау және қарау;

12) Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінде және "Мемлекеттік және әлеуметтік жауапкершілігі бар көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген тәртіппен және мерзімдерде мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша жеке және заңды тұлғалардың шағымдарын қабылдау және қарау;

13) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген өзге де құқықтар мен міндеттерді жүзеге асыру.

14. Функциялары:

1) дәрілік заттар мен медициналық бұйымдар айналысы, дәрілік заттар және медициналық бұйымдармен қамтамсыз етуді бақылау және қадағалау саласында мемлекеттік саясатты іске асырады;

2) Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне сәйкес әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істерді қарайды;

3) дәрілік заттардың, медициналық бұйымдардың айналысы саласында, сондай-ақ денсаулық сақтау саласындағы есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорлардың айналымына мемлекеттік бақылау мен қадағалауды жүзеге асырады;

3-1) заңнамаға сәйкес жедел ден қою шараларын қабылдайды;

4) Департаменттің құзыретіне кіретін мәселелер бойынша жеке және заңды тұлғалардың жолданымдарын, ұсыныстарын, үн қосуларды, сұратуларды, хабарламаларды қарайды;

5) өз құзыреті шегінде дәрілік заттар мен медициналық бұйымдардың айналысы, дәрілік заттар және медициналық бұйымдармен қамтамсыз ету салаларындағы мемлекеттік қызметтерді көрсетеді;

6) өз құзыреті шегінде рұқсат беруді бақылауды жүзеге асырады;

7) "Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының Кодексі 230-бабының 1), 2), 3), 4), 5) және 7) тармақшаларында (бұдан әрі – Кодекс) көрсетілген фармацевтикалық қызмет түрлерін, сондай-ақ денсаулық сақтау саласындағы есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорлардың айналымымен байланысты қызмет түрлерін лицензиялауды жүзеге асырады;

8) дәрілік заттардың және медициналық бұйымдардың айналысы саласында мемлекеттік бақылау және қадағалау мәселелері бойынша қоғамдық бірлестіктермен өзара іс-қимыл жасайды;

9) тиісті фармацевтикалық практика стандарттарын әзірлейді;

10) "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген тәртіппен Кодекстің 24-бабының 1-тармағының 4) және 5) тармақшаларында көрсетілген қызметті жүзеге асыруды бастау немесе тоқтату туралы хабарлама қабылдауды жүзеге асырады;

11) фармацевтикалық инспекцияларды жүзеге асырады;

12) фармацевтикалық практикаға жіберу үшін маман сертификатын беру жөніндегі мемлекеттік қызметті көрсетеді;

13) дәрілік заттар мен медициналық бұйымдардың жарнамасына мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады;

14) ұйымдардың дәрілік заттар, медициналық бұйымдардың өндірісі бойынша мемлекеттік денсаулық сақтау ұйымдарының квота үшін этил спиртінің, этил спиртін пайдалану туралы есептер үшін қажеттілік көлемдері бойынша өтінімдерді ұсынады;

15) дәрілік заттар мен медициналық бұйымдардың сараптамасы және қауіпсіздігі мен сапасын бағалау жөніндегі монополиялық қызметін жүзеге асыратын сынақ зертханаларын аккредиттеуге қатысады;

16) саудалық атаулары бойынша дәрілік заттардың шекті бағаларының сақталуына мониторинг және бақылауды жүзеге асырады;

17) сараптама жүргізу үшін дәрілік заттар мен медициналық бұйымдардың үлгілерін іріктеуді жүзеге асырады;

18) нарықтан, оның ішінде медициналық ұйымдарда тәуекелге бағдарланған тәсіл ескеріле отырып, сапасы бақылауға жататын дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды іріктеуді жүзеге асырады;

19) заңнамаға сәйкес дәрілік заттар мен медициналық бұйымдардың айналысы саласында тергеп-тексеру жүргізеді;

20) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды айналыстан алуды жүзеге асырады;

21) денсаулық сақтау саласындағы Қазақстан Республикасының заңнамасы талаптарына сәйкес келмейтін жарамсыз болып қалған, жарамдылық мерзімі өткен,

жалған және контрафактілі басқа да дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды Қазақстан Республикасының аумағына әкелуге, өндіруге, дайындауға, сақтауға, қолдануға және өткізуге тыйым салады және (немесе) тоқтата тұрады;

22) Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес дара кәсіпкердің немесе заңды тұлғаның қызметін немесе қызметінің жекелеген түрлерін тоқтата тұрады;

23) тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі және міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесі шеңберінде дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды, оның ішінде есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорлардың айналымы, акцизсіз этил спирті айналымы саласында пайдалану мониторингін жүзеге асырады;

24) "Азаматтардың жекелеген санаттарына дәрілік заттарды, бейімделген емдік өнімдерді, медициналық бұйымдарды беру" мемлекеттік қызмет көрсетуді үйлестіруді жүзеге асырады;

25) денсаулық сақтау ұйымдарында сервистік қызмет көрсетуді талап ететін медициналық бұйымдардың тиімді пайдаланылуына мониторингті жүзеге асырады;

26) дәрілік заттар мен медициналық бұйымдар айналысы саласында бақылау мен қадағалау мәселелері бойынша денсаулық сақтау ұйымдарының қызметін үйлестіреді;

27) өз құзіреті шегінде тауарлардың нысаналы мақсатына растама береді;

28) Қазақстан Республикасында тіркелген және тіркелмеген дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды әкелуге (әкетуге) келісу және/немесе қорытынды (рұқсат беру құжатын) беруді жүзеге асырады;

29) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

3-тарау. Департамент басшысының мәртебесі және өкілеттіктері

15. Департаментке басшылықты Департаментке жүктелген міндеттердің орындалуына және оларға өзінің өкілеттіктерін жүзеге асыруға дербес жауапты басшы жүзеге асырады.

16. Департаменттің басшысы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қызметке тағайындалады және қызметтен босатылады.

17. Департамент басшысының өкілеттігі:

1) заңнамаға сәйкес еңбек қатынастары мәселелері Департамент жұмыскерлерін лауазымға тағайындайды және лауазымнан босатады;

2) заңнамада белгіленген тәртіппен Департамент басшысының орынбасарын, Департамент жұмыскерлерін іссапарға жіберу, еңбек демалыстарын беру, материалдық көмек көрсету, даярлау (қайта даярлау), біліктілігін арттыру, көтермелеу, үстемеақы төлеу және сыйлықақы беру және тәртіптік жаза қолдану мәселелерін шешеді, Департамент жұмыскерлерінің лауазымдық міндеттерін бекітеді;

3) Департаменттің құрылымдық бөлімшелерінің ережелерін бекітеді;

- 4) өз құзыреті шегінде Департаменттің бұйрықтарына қол қояды;
- 5) заңнамаға сәйкес барлық мемлекеттік органдарда және өзге де ұйымдарда Департаменттің мүддесін білдіреді;
- 6) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға бағытталған шараларды қабылдайды;
- 7) заңнамаға сәйкес Департаменттің атынан жеке және заңды тұлғалардың талаптары мен арыздары бойынша шешім қабылдайды;
- 8) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Департаменттің басшысы болмаған кезеңде оның өкілеттіктерін орындауды қолданыстағы заңнамаға сәйкес оны алмастыратын адам орындайды.

4-тарау. Департаменттің мүлкі

18. Департаменттің заңнамада көзделген жағдайларда жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болуы мүмкін.

19. Департаменттің мүлкі оған меншік иесі берген, мүлік, сондай-ақ өз қызметі нәтижесінде сатып алынған мүлік (ақшалай кірістерді қоса алғанда) және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптастырылады.

20. Департаментке бекітілген мүлік республикалық меншікке жатады.

21. Егер заңнамада өзгеше белгіленбесе, Департаменттің өзіне бекітіліп берілген мүлікті және қаржыландыру жоспары бойынша өзіне бөлінген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті өз бетімен иеліктен шығаруға немесе оған өзгедей тәсілмен билік етуге құқылы емес.

5-тарау. Департаментті қайта ұйымдастыру және тарату

22. Департаментті қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау министрінің
2026 жылғы 21 тамыздағы
№ 418 бұйрығына
3-қосымша

"Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Фармация комитетінің Ақмола облысы бойынша департаменті" республикалық мемлекеттік мекемесі туралы ереже

1-тарау. Жалпы ережелер

1. "Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Фармация комитетінің Ақмола облысы бойынша департаменті" республикалық мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – Департамент) дәрілік заттар мен медициналық бұйымдардың айналысы, дәрілік

заттармен және медициналық бұйымдармен қамтамасыз ету саласындағы мемлекеттік саясатты, құзыреті шегінде реттеу, іске асыру, бақылау және қадағалау функцияларын жүзеге асыру саласында басшылықты және оны іске асыруды жүзеге асыратын Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Фармация комитетінің (бұдан әрі – Комитет) аумақтық бөлімшесі болып табылады.

2. Департамент өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына және заңдарына, Қазақстан Республикасының Президентінің, Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілеріне, өзге де Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілеріне, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

3. Департамент мемлекеттік мекеменің ұйымдық-құқықтық нысандағы заңды тұлға болып табылады, қазақ тілінде өзінің атауы бар мөрі мен мөртаңбалары, белгіленген үлгідегі бланкілері бар.

4. Департамент азаматтық-құқықтық қатынастарға өз атынан түседі.

5. Департамент егер заңнамаға сәйкес осыған уәкілеттілік берілген болса, мемлекет атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқылы.

6. Департамент өз құзыретінің мәселелері бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен Департамент басшысының бұйрықтарымен және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да актілермен ресімделетін шешімдер қабылдайды.

7. Департаменттің құрылымы мен штат санының лимиті Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бекітіледі.

8. Заңды тұлғаның орналасқан жері – 020000, Қазақстан Республикасы, Ақмола облысы, Көкшетау қаласы, Н.Назарбаев даңғылы, 60.

9. Осы Ереже Департаменттің құрылтай құжаты болып табылады.

10. Департаменттің қызметін қаржыландыру республикалық бюджеттен жүзеге асырылады.

11. Департаментке кәсіпкерлік субъектілерімен Департаменттің өкілеттілігі болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысынан шарттық қатынастар жасауға тыйым салынады.

Егер Департаментке заңнамалық актілермен кіріс әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда мұндай қызметтен алынған кіріс мемлекеттік бюджеттің кірісіне жіберіледі.

2-тарау. Департаменттің міндеттері, функциялары мен өкілеттіктері

12. Міндеттері:

1) дәрілік заттар мен медициналық бұйымдардың айналысы, сондай-ақ денсаулық сақтау саласындағы есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорлардың айналымы

салаларында реттеуші, іске асыру, бақылау мен қадағалау функцияларын жүзеге асыру, дәрілік заттар мен медициналық бұйымдар айналысы саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру;

2) құзыреті шегінде мемлекеттік қызметтерді көрсету сапасын және қолжетімділігін қамтамасыз ету;

3) өз құзыретінің шегінде Департаментке жүктелген өзге де міндеттерді жүзеге асыру.

13. Өкілеттіктері құқықтары мен міндеттері:

1) заңнамада белгіленген тәртіппен мемлекеттік органдардан, лауазымды тұлғалардан, жеке және заңды тұлғалардан дәрілік заттар мен медициналық бұйымдардың айналысы, сондай-ақ денсаулық сақтау саласындағы есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорлардың айналымы, дәрілік заттармен және медициналық бұйымдармен қамтамсыз ету саласындағы мәселелер бойынша ақпаратты сұратады және алады;

2) жеке және заңды тұлғалар Департаменттің лауазымды тұлғалары берген заңды талаптарды немесе нұсқамаларды, қаулыларды орындамаған немесе тиісінше орындамаған кезде сотқа жүгінеді;

3) өз құзыреті шегінде жеке және заңды тұлғаларға әдіснамалық және консультациялық көмек көрсетеді;

